



010000, Нұр Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел : 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
№ 4 \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 20 шілдедегі  
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік  
органдардың нашақорлыққа және  
есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға  
бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі  
қала әкімдігінің ведомствоаралық  
штабының жұмысы туралы**

«Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі қала әкімдігінің ведомствоаралық штабының жұмысы туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қалада есірткі тұтынушылардың санын азайту мақсатында мемлекеттік органдарды үйлестіру бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі қала әкімдігінің ведомствоаралық штабы (бұдан әрі - Ведомствоаралық штаб) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Нұр-Сұлтан қаласының аумағында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру саласындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ведомствоаралық штаб Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жол картасы тармақтарының орындалуын тоқсан сайын отырыстарда қарайды.

Мемлекеттік органдар үкіметтік емес сектордың қатысуымен қала әкімі бекіткен 2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан – есірткісіз қала» кешенді іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - Кешенді жоспар) іске асыруда.

Кешенді жоспар шеңберінде мемлекеттік органдар ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізеді.

2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан – есірткісіз қала» кешенді іс-шаралар жоспарын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі Медиа-жоспар әзірленді және 5 адамнан тұратын журналистер пулы бекітілді.

Алайда, есірткіге қарсы мемлекеттік саясатты іске асыру және халыққа есірткіге қарсы әлеуметтік иммунитетті қалыптастыруға бағытталған қосымша шаралар әзірлеу жөніндегі жұмысқа үкіметтік емес сектордың қатысуына қарамастан, есірткіге тәуелді адамдардың саны азаймай отыр.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қалалық психикалық денсаулық орталығында 1376 есірткі тұтынушы есепте тұр, оның ішінде диспансерлік есепте тұрған көмелетке толмағандар саны 5.

ҚР ДСМ 2020 жылғы 25 қарашадағы №ҚР ДСМ 203/2020 «Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) сәйкес профилактикалық бақылау тобы алынып тасталды, бұл ауруларды ерте сатысында анықтаудың мүмкін болмауына әкеп соқты.

Пациенттің наркологиялық ауруына қатысты профилактикалық диспансерлік бақылау жүргізуге жазбаша келісім беруден бас тартуына байланысты ресми есепте тұрған есірткі тұтынушылардың саны нақты статистиканы корсетпейді.

Бұйрыққа «анонимділік» ұғымының енгізілуі пациенттердің қысқа мерзімді дәрі-дәрмектік көмек ала отырып, жеке секторға кетуіне алып келді және «жасырын» есірткіге тәуелділер санының өсуіне себеп болды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және Халыққа қызмет көрсету орталықтарын аралау қорытындылары бойынша Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Нұр-сұлтан қаласында мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі қала әкімдігінің ведомствоаралық штабының жұмысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

жоспарды қайта қарап және индикаторларды, күтілетін нәтижелерді, сондай-ақ есірткіні пайдалану себептерімен күреске бағытталған іс-шараларды, оның ішінде білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджерлерді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны енгізе отырып, 2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан - есірткісіз қала» кешенді жоспарын іске асыруды жалғастыру;

Кешенді жоспардың жобасын барлық мемлекеттік органдармен пысықтау; білім беру ұйымдары, қала жастары арасында есірткінің зияны туралы ақпараттық-насихат қызметі бөлігінде Ведомствоаралық штабтың жұмысын күшейту;

синтетикалық есірткілердің, сондай-ақ олардың аналогтарының түрін жедел анықтау үшін Химиялық сараптама орталығына «Toxtyper» жабдығын сатып алу жөніндегі мәселені пысықтау ұсынылсын.

### 3. Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментіне:

есірткі құралдарын тарату фактілерін анықтау бойынша жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу жөніндегі жұмысты жандандыру;

кәмелетке толмағандар арасындағы есірткіге қатысты құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

дәрігерлердің қорығындысынан кейін есірткіге тәуелділер бойынша бірыңғай база құру тетігін пысықтау;

есірткі саудасына қарсы іс-қимыл үшін қаланың барлық қоғамдық бірлестіктері мен мемлекеттік органдарының қатысуымен тұрақты жүйелі жұмыс жүргізу;

адамдардың қоғамдық орындарда есірткіден не уытқұмирлықтан масан күйде болу фактілерінің жолын кесу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ҚР ӨҚБТК-нің 440-бабына өзгерістер енгізу жөнінде хат жолдауға бастамашылық жасау;

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының (бұдан әрі - ПД басқармасы) штат санын 1? бірлікке ұлғайту және осы бағыттағы жұмыс сапасын жақсарту үшін нашақорлықтың алдын алу желісі бойынша қосымша күш бөлу мәселесін қарастыру;

ПД басқармасын 6 (алты) дана көлемінде түнгі көру функциясы бар тасымалды цифрлық бейнекамералармен және жеңіл автокөлік құралдарымен (төрт есікті) техникалық жарақтандыру мүмкіндігін іздестіру;

халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, ПД басқармасы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселесін қарастыру ұсынылсын.

#### 4. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ:

қала мектептерінде кәмелетке толмағандар арасында есірткіні қолданудың жолын кесуге бағытталған алдын алу іс-шараларын жүйелі жүргізу;

есірткі сатушылардың жақсы ұйымдастырылған жарнамалық жұмысына қарсы тұру үшін мектептерде алдын алу және түсіндіру жұмыстарын күшейту;

мектептерде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджерлердің нашақорлықтың алдын алу және барлық құқықтық мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту;

нашақорлықтың алдын алу шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

#### 5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне есірткіні пайдаланған адамдарды бастапқы профилактикалық есепке алу, «Есірткіге тәуелді адамдарды профилактикалық есепке алу» бірыңғай статистикалық базасы ұғымын қайтару және оны енгізу бойынша денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бөлігінде хатқа бастамашылық ету;

елордадағы есірткі ахуалын ескере отырып, салауатты өмір салтына бағытталған алдын алу іс-шараларының жоспарын әзірлеу;

есірткіге тәуелді адамды оңалту курсы алты айдан екі жылға дейін созу бойынша мәселені пысықтау;

көңіл көтеру орындарында есірткілік масаңдықты тудыратын азоттың шала тотығын (желіктіргіш газ) сатқаны үшін жауапкершілікті күшейтуді пысықтау және бастамашылық ету ұсынылсын.

6. Ведомствоаралық штабқа мәслихат деңгегарының ескертулері мен ұсыныстары ескере отырып, бір ай мерзімде 2022-2025 жылдарға арналған «Нұр-Сұлтан есірткісіз қана» жаңартылған кешенді жоспары тапсыру ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуы жөніндегі ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
заңдылық, құқық тәртібі және  
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссияның мүшесі -  
отырыс төрағасы**



**Г. Жапарова**